

## ҚЫЗЫЛТАУ АУЫЛЫ

(«Дала сыры» кітабының тараулары. 2020 жыл)

«Қызылтау» совхозының қашан құрылғаны (1953) баршаға мәлім. Шаруашылық асыл тұқымды жылқы, қой тұқымын өсірумен айналысты. Шу өңірінде (Орталығы Ұланбел) құрылған ғылыми-зерттеу орталығы боп табылатын Бетпақдала мал шаруашылығы тәжірибе станциясы 1964 жылы Қызылтау жеріне кеп орнады. Бұл шаруашылық академик Кәрім Мыңбаевтің есімімен тығыз байланысты.

Жасынан ұғып өскен дала сырын, Кім білмес табиғаттың жанашырын. Академик Мыңбаев Кәрімді де, Біліп өскен ауылдың баласымын. Құлақ сап жердің терең тынысына, Ғылыммен айналысқан ұлы тұлға. Безірейген даланы игеруге, Тәуекел деп жаяулап шыққан қырға. Бетбақ дала кел-кел деп құшақ ашты, Өр төсінде перзентін тынымдатты. Сыртым суық болғанмен қойыным құт, Деп дала перзентіне сырын ашты. Бетпақтың сұрғылт қуаң байтағы да, Сазарған өңін ашты жайсаң ұлға. Бұл жерді игеруге болады деп, Бойлап ғалым кеткенді терең сырға. Ғылыми дәлелдеді еңбегімен, Ғалымдар бас изесіп тең бөлінген. Бетпақтың келешегі бар деп қолдап, Ғалымға Мәскеуде де сөз берілген. Жолы ашылып осылай қанаттанып, Кедергі бөгеттерді бұзғаны анық. Шу бойы Ұланбелдің айрығында, Ғылыми шаруашылық құрғаны анық. Жазымыш жеткізбеді дегеніне, Сұқ өтті ме қазақтың өреніне, Ұшақтың апатына душар болды, Жеткенде амал қанша кемеліне. Даланың қайран ғалым қыраны еді, Сарыарқаның сұңқары сыңары еді. Өзі өлсе де ғылымда аты қалды, Есімін ұмытпайды туған елі.

Кәрім Мыңбаев атындағы совхоз кешегі жекешелендіру (1995) науқанында жеке шаруашылықтарға бөлініп кетті. Ауыл ортайған. Жаңаша нарықтық қатынас ұжымдық шаруашылықты күйретті. Ендігі мақсат - дара шаруашылық жауапкершілігі шектеулі серіктестіктерді ілгерілету болып табылады. Түп қазықта, ауылда қалғандар түбінде озады. Жердің ендігі иелері солар. Қожамбердиндер әулеті - Дулат бастаған ағайындылардың үлкен-кішісінен үмітті сырт көз. Жерді иесіз тастауға әсте болмайды. Онда бізді (қазақтардың) даланың киесі ұрады. Сырттан келген оралмандардың (Мұңғылиядан. Бай-Өлгейден) Қоңыртөбені дүбірлетіп мал мен жанға толтырып жатқаны сүйсіндіреді.

«Қырандар ұшқан Қызылтау» кітап аты, Бас қосып бұл ауылдың кәріжасы. «Алпыс асу» межесін атап өтті, Таудың да тебіренді қара тасы. Жиналды ауылдастар ойдан, қырдан, Ақындар шашу шашты сұлу жырдан. Үлкендер еске алды өткен күнді, Салғандар тебіренді жолды тыңнан. Сағыныш тудырады өткен күндер, Қызылтау совхозының басшылары Уақыт жетегінде кеткен күндер. Қызылтау - менің өскен ауылым ғой, Өзінше меншіктейді «шекпенділер». Ауылға тілекші боп жүрген едім, Өлеңге арқау еттім тың дерегін. Қызылтау әлі-ақ қайта түрленеді. Көреді келер ұрпақ гүлдегенін.

Халық ұғымында бар сөз - жері байдың елі бай. Осыншалықты қойнауы құтты өңір бос қалмақты емес. Ел экономикасы ілгерілей келе әлі-ақ жасарып жаңарады. Сонда осы мекенге кеп орнаған жас буын осынау байтақ даланы игерген мал мен жанға толтырған алғы буынның рухын еске алады. Олар қалдырып кеткен игіліктерді тұтынады, оларға байланысты аңыз эпсаналардан ғибрат алып моральдық бейнелерін түзейді. Келер ұрпақтың еншісіне тиемел бірден бір рухани қазына - жер мен ел шежіресі боп табылады. Әсіресе, жер, су атауларының топонимикасы ел мен жер тарихының басты айғағы. Осы атырапта ғұмыр кешкен адамдар ел мен жер тарихының басты айғағы. Оларды ұмытып, ұлт жадынан өшіру ұрпақтар сабақтастығына нұқсан келтіретін немкеттілік болып табылады. Өздерінің 60 жылдығын (2014) атап өткен Қызылтау ауылының үлкен-кішісі бір серпіліп қалған еді. «Қырандар ұшқан Қызылтау» деп аталған кітап сауатты жазылған дүниелік. Кітап авторлары Ібірахым Ісләмұлы, Жомарт Қызбалаұлы кітапты ғылыми еңбек дәрежесіне көтеріп,

тың деректер келтірген. Осы кітаптан бастау алған шежіре баянға аздап бәсіре сөз кірістіруге тура келеді. Жердің жалаң атауы ел-жұртсыз сығырдаң тартып тұрады. Жер мал-жанмен құлпырып түрленеді, өңі ашылып шырайланады. Қызылтау ауылының (бұрынғыша совхоз) көркейуіне, экономикасының ілгерілеп, рухани келбетінің өңейуіне үлес қосқан атпал азаматтар баршылық еді. Сырын алып сымбатына қанбасам да соларға сырттай тілекші боп жүретінмін. Садық Рахымбековтен кейінгі ел есінде қалған шаруашылық жетекшісі Баязит Садықовты жақсы білемін. Кездескенде жан тартып менімен еркін сөйлесетін Қызылтау совхозының тұңғыш директоры Садық Рахымбеков отбасымен еді. Ол кісі майдангер еді. От кешкен солдат еді. Ғылыми еңбектер жазған, ауыл шаруашылығын қарт тарланы болатын. Шаруашылықты тоғыз жылдай басқарған екен. Аудан (Ақадыр ауданы) басшылығы бірде Бәкеңе: «Ертеңгілік «разнарядка» заңды. Кешкілік бас қосудың жөні келмейді ғой» деп ескерту жасағанда «Әбден келеді, - депті ол кісі, - Бұным - менің озғын жаңалық. Қырып жатқан түктері де жоқ (мамандардың) соларыңның. Бетімен қоя берсең бірігіп алып карта ойнайды, қосылып арақ ішеді. Совхоздың тегін техникасымен түнделетіп киік аулайды. Одан қалды, қысыр әңгімеге басады, нан жегізген, қолдарына бір-бір пәпке ұстатып, қызмет берген менен бастап аудан басшылығы сендерді өсектейді. Жоғары жаққа домалақ арыз жөнелтеді. Соған «тормыз» болсын деген саясат менікі» дейді екен. Бәкең ескінің көзі еді ғой. Аңқылдаған ақкөңіл қазақы мінезбен кейде аңдаусызда аяғын шалыс басып алатыны бар еді. Бірде өзінің қарауындағы («жылқы тұқымын асылдандырумен айналысатын ғылыми қызметкер) Рашит Ғалиақперовке: «Әй, мықты! Жылқы неге көп өледі, неге жоғала береді?» деп қойып қалыпты төтесінен, сонда жатып атар әлгі тұрып: «Жылқы неге өлмесін, неге көп жоғалмасын. Директоры Бая-зит, сатруднигі Раш-ит, жылқышы Уах-ит болса, өңшең иттер баққан жылқыда қайбір құн болсын» депті жайымен ғана. Бәкең қызмет бабында қарамағындағы мамандардың еркіндігін шектемейтін кең қолтық болған еді. Жетпісінші жылдардан бастап ауыл шаруашылығы саласының тынысы тарылуға бет алды. Артық салмақты көтере алмаған дала безеріп құрғақси бастады. Тұқым шашып үлгерпей шабындыққа шалғы салу науқаны табиғатқа кері әсерін тигізді. Аспан көк беттеніп сараңдық танытты. Жаңбыр тамбаған жазды да көрдік. Ұмытпасам 1963 жыл болар. Даланы құрғақшылық жайлады. Соны өзімше өлеңге түсірдім.

Туған жерге тамбай тамшы шөлдесе, Тіршіліктің гүлі көктеп өнбесе. Қаным кеуіп мен де аңсаймын

жауынды, Қуанамын бұлттар жерге көлбесе. Жазғы бұлттың әр

тамшысы-тіршілік,

Сол тамшыдан көктеп өсер

мың шыбық.

Жаңбырлы ауа жұпарынан қуат ап,

Мен де еңбекке кірісемін құлшынып.

(«Жаңарқа» газеті, 1963 жыл)

Баязит көкеміз шаруашылықты басқарған жылдарда ауылды («жалғыз бұл совхоз емес) тоғышарлық мендей бастаған еді. Даламен кіндігі бір аға буын селдіреп, олардың орнын басқан жас толқын шаруаға қырсыздық танытға бастады. Сейіл-серуенге, шарап желігіне әуес болды. Қой соңынан қалмайтын малсақ шопанның орнын басқан озат қойшы, отарын шарбаққа қамап тастап сәскеге дейін ұйқы соқты (Ұйықтамағанда қайтсін, түнімен арақ ішсе). Отарын арақ құмар «бишке» бақтырды. Осының бәрін сезіп біле тұра ауыл шаруашылығының кәнігі тарланы Баязитов бұл қиындықтан совхозды іскер мамандар алып шығады деп шешкен еді. Бұл ойын менімен кездескенде (1975) білдірген болатын. «Менің басшылықта отырғанымды пайдаланып қалыңдар. Қызылтау атабабамыздың құтты мекені, осында орнап алыңдар, ауыл-еліміздің келешегі» дегені бар-тын. Ол кісі маңайына іскер мамандарды топтастырды. Атап айтқанда: Спатаев Сатыбалды, Қойманов Шопан, Әбішев Сағынтай, Есембеков

Жағыпар, Текенов Сапар, Төлеутаев Мұқатай, Көпенов Егінбай, Сәтбаев Сәтімет, Рахметов Жәкен, Уәзибеков Шөлбай, Спатаев Жалбыр, Игіліков Мұхамеджан, Жарылғасов Жұмабек, т.б. ысылған мамандар шаруашылықтың әр саласында табысты еңбек етті. Бұлар даланың төл перзенттері ауыл тірлігіне жетік ескінің көзіндей есті азаматтар болатын. Өздері келмеске кеткенімен, ұрпақтары ауылды сағалайды. Бұлардың соңын ала жас мамандар шаруашылық тізгінін ұстады. Оларда жастық жігер бар еді. Олардың алдыңғы легінде Әрінов Мұса, Мағдиғарап Тұлкин, Қожамбердина Райхан, Тәшмағанбетов Берден мен Тоғамбай, Мақышев Мұса, Жөкенов Ыбрахым, Ысқақов Қайролла, Шөптібаев Мәден, Смағұлов Сайлау, Көшенов Айшырақ, Нұршин Аманжан, Мананбаев Ғұмырсерік, Тайжанов Ермек, Смағұлов Қоңырбай бар еді. Баязитов Садықтан кейін шаруашылық тізгінін қолына алған Мағауия Сатыбалдин кеңшарды он бір жылға тақау басқарды. Сөзі шымыр, логикасы берік ұстамды азамат шаруашылықты айқаймен емес, ақылмен басқарды. Сырттан адам келтірмей ауылдың төл азаматтарына сүйенді. Соңына сөз ермеген моральдік бейнесі таза кісілікті басшыны Қызылтаудың үлкен-кішісі пір тұтты. Кешегі кезеңді, социалистік жүйені мансұқтап біржақты пікір білдіру кісінің өзіне мін. Социализм - ортақ меншікті дәріптеді. Ортақ қазандағы асты бөлежара ішу адамдарды ынтымақшыл болуға бейімдеді. Көп асағандар әшкере болып жататын еді. Совхоз ұжымдық еңбекке сүйенді. Совхозға жетекшілік еткен басшы сынақтан сүрінбей өтіп барып шаруашылық тізгінін қолына алатын еді. Алғашқы кездерде болашақ совхоз директорлары шаруашылық жетекшілігіне беку үшін Қазақстанның бірінші басшысының (Д.А.Қонаевтің) алдынан өтетін болған-ды. Бұдан кейінгі директор Әділ Бәкіров та жеке басының үлгісімен кеңшар еңбеккерлеріне сүйкімді көрінді. Табиғаты таза Бәкіровтің қарамағындағыларға зекіндісі аз болды. Мәдениетті директор болған оның аңсары ауыл мәдениетін көтеруге ауды. Ол басшылықта болғанда кеңшар орталығында мәдениет үйі бой көтерді. Ауыл өнерпаздары (қызылтаулықтар) облыстық фестивалда аудандар бойынша екінші орынға көтерілді. Соның нәтижесінде «Қызылтау» совхозының көркемөнерпаздар ұжымы «халық театры» атағына ие болды. Даладан кіндігім ажырамаған менің көз алдымда бірінші кезекте өзімнің әкем тұрады, анам тұрады. Әке-шешемнің қатарластарының (ауылдастары) дені қой соңындағы қойшылар еді. Қойшылық ол кезеңдерде (1950-1991) қастерлі кәсіп болатын. Аудан басшылары, колхоз бастықтары әкеме кеп сәлем бергенін көзім көрді. Қойшының баласы болғандықтан қаршадайымнан қозы бақтым, қой қырықтым. Содан да өлеңге ыңғай бере бастағанда (дала академиктері) шопандарға арнадым балапан жырларымды.

Шопан көрсем қой торыны желдірген, Әкемді еске түсіремін мен бірұшын. Сәлем берем шұрқырасып қауышып, Досымдай-ақ әзіл тастап тең жүрген. Сұрап алам салған бетте мал жайын, Ожар сөйлеп әзілге әсте бармаймын. Жақтырмайды ол сенің құрғақ сөзіңді, Мал қамы үшін асығады әрдайым. Қаракерін мініп алып атамның, Мен де бір кез бала қойшы атандым. Содан болар сыйлап қойшы біткенді, Үлкенерден «көп жаса» деп бата

алдым.

Күні бүгін қимай қойлы ауылды, Көтерісем иыққа сап ауырды. Шопан қойын мен де бірге бағысам, Қысқы боран күндерде бір дауылды.

(1965 жыл. Шажағай жайлауы.)

Әкемнің тұстастары һәм (елуінші, алпысыншы жылдардағы) даңғайыр шопандарды еске алып рухтарына тағзым етемін. Балағазин Мананбай мен Нұрша, Жоғарғы Кеңеске депутат болған Балағазина Сара, Әбжанов Жөгібай, Сембеков Түсіпбек, Асылбеков Әубәкір (қосалқы есімі Шиқара), Шырымбеков Ұшақасбек, Жұмин Төлеу, Рысбеков Әбілда, Рысбеков Мәди мен Ысқақ қойшы, Тоғызбаев Көпберген, Бейісбеков Кемал, Қайранбеков Әкім қойшы, Төkenов Жәкен бірадар, Құлжан қожа, Әубәкір қожа, Қасым ұста, Кәрім ұста, Көпбайдың Серікбайы, шөп шабатын (отгон бастықтың қызы Сауықты алып қашып алған) Көшкімбай ағамыз, Әбеу (Итбаев) мен Рымбек қойшы, Бекмағанбетов Бодық, Бейсенбаев Жақсыбек, Игенбеков Бәйкен, Сәкенов Хамзе, қырман бас-

тық Көкеев Бабас, қобызшы Тоқтамысұлы Көкен, алыстағы ауылға дидакшы болған ферма меңгерушілері - Ақылбеков Оспан, Ағымов Нәби, Сейдімбеков Аманбек, мал дәрігерлері - Мыңжанның Сүлеймені, Елеукен мен Тама, Амантай бәрі-бәрі алыстағы ауылға еңбегімен сүбелі үлес қосқан жандары жайсаң еңбек адамдары еді-ау, шіркін! Менің қатарларым Ақселеу, Ысқақтың Зейнолласы, Шақанның Сапары мен Ела-маны, Шоқайдың Үмбетжаны, Нұршаның Аманжаны, Әкімнің Рыскелдісі, Манамбайдың Қайныкеші, Жәкеннің Тілеуі, Рымбектің Иманбайы, Серікбайдың Қордабайы, Оспанның Төкені, Аманбектің Әмзесі, Кәрімнің Игілігі алыстағы ауылдың түлектері еді. Сәкенов Хамзе мен Игенбеков Бәйкен жүргізген мәшине алыстағы ауылдың «айдау жорғалары» болатын. Біздің ауыл, «Атасу» қой фермасы «Қызылтау» совхозының құрамында (1961) болғандықтан, бұл шаруашылықтың бүгіндегі Қызылтау ауылының еңбек адамдарын атамай кету орынсыз болар еді. Кеңестік кезеңде жанның бәрі жалқау болды деу ұшқары пікір. Ол кезеңдерде Совет адамдары «халық пен коммунистік партия бірлікте» деген ұранмен өмір сүрді. Тіршілік тырбанысы «коммунистік еңбекке» жатқызылды. Осы ұранмен тырбанған ауыл адамдары еңбекке керенау болды деп айтуға ауыз бармайды. Аудандық «Ақадыр таңы» газетінде (1978) тілші болғанда, соған көзім жетті. Өз ауылым болған Қызылтауға ат ізін жиі салатынмын. Нағыз еңбек адамдары бұл совхозда да баршылық еді. Ол кездегі (1940-1991) қойшылар қой соңында өздері жүретін. Атақты аға шопан Айтбек Дуанбаевтің («Ақадыр» совхозының шопаны) есімі облысқа танылды. «Ортау» совхозының үздік қойшысы Тойшыбеков Кәрімнің атағы жер жарды. «Ақшағыл» совхозының шопаны Сәденов Аманкелдінің де атағы дүркіреп тұрды. Еңбек адамдарын дәріптеу - ол кезеңнің ұраны болатын. Оның ішінде ауыл еңбеккерлері алдыңғы орындарда тұрды. Газетте тілшілікте жүргенде Қызылтаудың үздік механизаторлары (тракторшылары) ағайынды Ершыман мен Совет Майевті «Қызылтаудың қос қыраны» деп дәріптеп, очерк жазған едім. Бүгінгі кезеңнің қырандары кімдер болғаны?! Кім (есепін тауып) байыса, кәсіпкерлікпен, шаруагерлікпен айналысса - сол қыран?! «Бәрің бірдей байы» дейтін кезеңде тұрмыз. Социализмнің құрсағынан шыққан біздің буын бұл ұранға жатырқап қарайды. Халық айтса қалт айтпайды. «Ортақ өгізден, оңаша бұзауым артық». Олай болса, іске сәт! Кешегі Советтер Одағы кезіндегі еңбек озаттары бізге тым ыстық. Қысы-жазы трактор ершігінен бір түспейтін ағайынды Адаев Аманбай мен Аманбекті қалай ғана ұмытарсың. Туған ауылын өгіздей өрге сүйрегендер солар емес пе! Темірден түйін түйген, елу шақты өнертапқыштық жаңалық ашқан Болат Қайранбековтың, Мейрам Қордабаевтің Қызылтау ауылы үшін орны бөлек. Ескілердің жалғасы отарын көзінен таса қылмайтын аға шопандар Шөптібаев Совет, Спатаев Елдос жан қадірінен де мал қадірін алға шығарған нағыз малсақ қазақтың соңғы көздері болатын. Ендігілер (бүгінгі шаруагерлер) өз малын өзі қайыруға ерінеді. Соның салдарынан төрт түліктің бағасы төмендеп кетті. Әкелеріміз (көзіміз көрді) қой бағуды кәсіптің ең озғыны деп білді. Оны айтасың, иіел затының атқа мініп мал қайырғаны сөлекет көрінбейтін. Қойшының қыздары бір мезгіл әкелеріне болысып қой қайырды. Содан олар қадірсіз болған жоқ. Торалып бой жетуіне табиғат аясы септесіп, ақ жүзінен нұр төгілетін еді. Қос өрім тоқ бұрымы балтырына жетіп жығылатын қойлы ауылдың қыздарына жігіттер өле ғашық болатын. Алғашқы қалам алды жырларым қойлы ауылдың қыздарына арналды.

Сүйем-сүйем қойлы ауылдың қарақат көз қыздарын, Күзеттегі салған әнін келер әр кез тыңдағым.

Әзілдерін ұнатамын қытықтар жас жаныңды,

Олар үшін мен де аяман өлеңім мен әнімді.

О, қарындас, тана көрме еңбек сүйгіш қалпыңнан,

Жігіттер көп жаным саған жетемін деп алқынған.

Ақ пейілді көңілімді орамал қып бұлғаймын,

Қойды өріске қаптатқанда бақыт тілеп артыңнан.

**5-ші бетте.**

Шешелеріміз елуінші жылдары (1950) қой күзететін. Еріккеннен емес, қасқыр қатты. Қыздар да шешелеріне болысып қой күзетуге шығатын еді. Ескілікті халық әндері күзетші шешелеріміз бен әпкелеріміздің сұлу үнінен бізге ауысты.

Сағыныш пен мұң өнердің бастау көзі. Содан қуат алған біздер де сөз өнері мен ән өнеріне жақын болдық. Бір жағы, бізді демесіндеген табиғат сұлулығы еді. Күміс көмей бұлақтардың сылдыр-сылдыр сүйкімді үніне не жететіні бар ?!. Бүгінгі таңда (2018) бір жақты насихат етек алып барады. Қазармалық социализм ауыл қазақтарын жабайы қып, қой соңына салып қойып еді, қазақтардың енді-енді көзі ашылып келеді деп үстірт кетеміз. Қазақ қалаға орнап жатыр. Ауыл тірлілігі нешік!? Кешегі тоқ бұрымды ауыл қыздарының бүгінгі ізбасарлары қайда жүр? Айтуға ауыз бармайды, тән саудасы деген шықты. Қазақ әйелдері ала қап арқалап елден елге асады. Қолақпандай жігіттер тәшке сүйретіп базарда жүр.

Қой қайыруды, жылқы бағуды қиын-сынған жастардың тіршілігі осы. Кешегі қойлы ауылдың «қарақат көз қыздарының» бүгінгі буынының жағдайы нешік!? Ақша табудың жолында жүріп, жезөкше деген атаққа ұшырап жатса не болғаны?! Әке-шеше, аға-жеңгеге ұлдан да қыз уайым. Сол уайым бәріміздің де басымызда бар. Соны қағазға түсірген жайым бар.

Ауылға көптен бері келмей жүрсің, Қызықтап қырдың гүлін термей жүрсің. Жоғалтқан ақ тайлағын бақташыдай, Шерленем өзінді ойлап келмей күлкім. Көк мөлдір көл де дөңбекшіп, Аққуын жоқтап жатқандай. Алыстап кеттің аяулым, Арманым едің - Ақмаңдай! Қамкөңіл еркелеткен жеңгелерің, Сағынды інілерің, елгезегің. Боздайды боз інгендей бейбақ анаң, Азапты бәрінен де мен көремін. Белендер қалды құлазып, Ақ бөкенінен көз жазып. Өзіңді аңсап жыр жаздым, Іштегі шерім қозғалып. Жүрсің бе қалада, Не жетсін далаға. Оралшы, қалқам, Далаңа! Мойылдан әкен құрық жонған дала, Шылбырға шешең шүйке созған дала. Мыңғырып төрт түлігі кең жайлауда, Құт мекен қазағыма болған дала. Боз даланың жыршысы, Бозторғай құрлы жоқпысың? Зарықты мекен бір сен деп, Армандай болған ақ құсым! Адаспа бекерге, Қор болма бөтенге. Оралшы, қалқам, мекенге!

(27 наурыз 2004 ж. «Оралшы ауылыңа» Әні Ысқақ Тәукейұлынікі, сөзі Өмір Кәріптікі. Ақадыр кенті) Кешегі кезеңде қой қайырған қойшының қыздары отбасында омалып қалмай шопан таяғына ие болғанын көзіміз көрді. Жамал Бөкебаева мен Жақсылық Смағұлова аға шопандық атаққа жетіп, Қызылтаудың шамшырағы атанды. Есімдері облысқа танылды. Еңбегі елге танымал еркек бағалы әйелдер әр ауылда жетерлік еді. Қошқардай-қошқардай ұл, сүйріктей-сүйріктей қыз тапқаны былай тұрыпты, еңбекте топ жарды. Бұрынғы Кәрім Мыңбаев атындағы совхоз асыл тұқымды қой өсіретін шаруашылық еді. Қой мен жылқы тұқымы жақсарту барысында ғылыми зерттеу жұмыстары жүйелі түрде жүргізілді. Нәтижесінде, еділбай тектес қой, жабы тектес жылқы тұқымы өсірілгені белгілі.

Жас ғалымдар осы құтты өңірден ғылымға қанат қақты. Олардың есімдерін атамай кету бізге күнә саналады. Қойшының баласы болғандықтан да мен өзімді солардың қатарында жүргендей сезінетін едім. Бұл ғылыми жұмыстарға басшылық жасаған Ауыл шаруашылық ғылым академиясының академигі В.А.Бальмонт, ауыл шаруашылық саласының профессор ғалымдары М.А.Ермеков Ю.Н.Барминцев үлкен еңбектер жасады. Бұл салада ғылыми жұмыстар атқарған Кәмен Қанафин (Шет ауданының тумасы, руы Қояныштағай) өзі еңбек еткен ауылдан (Қызылтаудан) қанаттанып шығып, Қазақстан бойынша қазақтың құйрықты қойларын жетілдіруде жан аямай еңбек етті. Соның нәтижесінде докторлық атаққа жетті. Жүз алпыстан астам ғылыми еңбек, екі монография жазған профессор еңбек жолын «Қызылтау «совхозының бас зоотехнигі қызметінен бастаған еді (мен ол жылдары (1965) совхозың №3 бөлімшесінде бастауыш мектепте мұғалім болатынмын). Бұл салада ғылыми жұмыстар атқарған ауыл шаруашылығы ғыл-

мының кандидаты Қален Бақтыбаев пен Тілегенов Бесбайды ерекше атаған жөн. Ғылыми қызметкер Көптілеуов Тұрғали да Қызылтауда еңбек етті. Менімен бір ауылда өскен Ысқақ қойшының баласы Зейнолла Ысқақов мал шаруашылығының білгір маманы дәрежесіне жетіп, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты атағын алды. Жаншырақ Көшенов те малды асылдандырумен айналысты. Бүгінгі таңда солар жалғастырған ғылыми жұмыстардың жағдайы нешік? Қойшының баласы болғандықтан да қой малына көзім түсіп жүреді. Шүкір, әзірше құйрықты қой тұқымы әр өңірде баршылық. Малға да күтім керек. Мал астынан жүдейді. Бүгіндегі фермерлік шаруашылықпен айналысып жатқан шаруагерлердің тірлігі менің көңілме қона бермейді.Қой отшаң мал. Алты жүзден аса шөп түрлерімен қоректенеді. Арқа даласында жайылым бос жатыр. Шаруагер отарын қыстаудан ұзатпайды. Өрісі жаңаланбаған мал азады, әсіресе қой малы. Бүгінгі таңда жайлау түске де кірмейді. Жайлауға шығуға ерінеді бос белбеу босаң шаруагер. Оларды да түсінуге болады. Қойдан алынатын өнімнің өзіндік құны мал басынан асып кетеді. Қып-қызыл шығынға батқан шаруагерлердің қотаны ортайып барады. Қойдың жүні өтпесе, терісі кәдеге жарамай жатса, қораның қиын ойып шығару аққұла бейнет болса, (қиды оймай трактормен күреп шығарады) кім қой өсіруге қызығады? Қойдың қасиетін әлі де жете бағаламай жүрміз. Қойдың сүті, ірімшігі мен құрты асыл келетіні естен шығып барады. Езілген құрт (ұн шалған қайнаған суға қосылады) тағамның төресі десе болады. Шымшымдау ыстық ішілген сұйық құрт бойға сіңімді келеді. Сұйық құртқа тоң май немесе сарымай (қатады) қосылады. Ұлттық тағамдар осы күні (кейбір келіндер мен қыздарымыздың) әсіре білгіштердің ермегіне айналып барады. Ұлттық тағамдар жөнінде осы жолдардың авторы «Тұғыз» атты кітапта (2011) жеріне жеткізе баяндаған. Қой жүніне келетін болсақ, сөз ұзайды. Жүннің керексіз боп тау-тастың арасында шашылып жатуы біздің ұлттық ажарымызға мін. Дүние жүзінде алты жүздей қой тұқымы бар екені белгілі.Соның ішінде қазақтың еділбай қойы айрықша аталады. Қызылтаулық ғалымдардың да айналысқаны осы тұқымды жақсартып асылдандырып шығару болатын. Дүние жүзінде бүгінгі таңда тоқыма өнеркәсібінде жүннің улесі кеміп кеткені белгілі. Бар болғаны бес-ақ пайыз. Демек, ендігі жерде, қой жүніне деген сұраныс аз болмақшы. Сонда қайтуіміз керек? Бұл тығырықтан шығудың жолын бірінші кезекте фермерлар мен кәсіпкерлер қолға алсын. Ұй-ағаш басуға көңіл бөлінсін. Киіз үйге деген сұранысты көбейтудің жолы ашылсын. Жағдайы бар әр қазақ қалада да, далада да киіз үйді ұлттық қарашаңырақ рәмізінде тұтынсын, қастер тұтсын. Киізге деген сұраныстың жолы ашылып, киізден тұрмысымызға қажетті бұйымдар жасап шығару қолға алынсын. Бара-бара биязы қой жүніне негізделген ұлттық тоқыма өнеркәсібі мемлекеттік жобаға енгізілсін. Бұл қалпында қала берсе, агроөнеркәсіптің бір саласы қой өсірудің тығырыққа тірелетіні айтпаса да белгілі жағдай. Мал өнімі сапасының артуы жайылымға байланысты. Жайылым елімізде жетіп артылады. Жайылымды пайдаланудың тиімді жолы - жұрт жаңалау. Бүгінде жаз жайлауда жазылып отыру естен шығып барады. Жайлау атауы сөздік қорымыздан шығып қалды. Біздегі бір кемшілік-малдың жатын орнына (қорасына, қотанына) мән бермейміз. Шаруагерлер заманғы ескі қой қораларды, сыыр қораларды пайдаланып келеді. Ауылдың ажарын енгізуді мал қоралардан (механикаландырылған, автоматтандырылған) бастағанымыз жөн. Сонда шаруаның жұмысы жеңілдейді, көңіл күйі көтеріледі. Ұсақ шаруа қожалықтарын қаржыландыруды қорадан бастау керек. Ауылға бет бұрыс әлі де болса баяу. Ауылдағы еңбек (мал шаруашылығы, егін шаруашылығы болсын) өнімділігіне заманғы ескі техниканы пайдалану қол байлау боп тұр. Дамыған елдердегі озық техника біздегі шаруагерлерге қол жетпейтін арман. Өріс жаңалайтын «жинамалы ықтырмаға» да (шарбақ құру ескі тәсіл) зәру шаруагерлер. Өнертапқыштардың қолға алатын жұмысы бұл. Біздегі ауыл шаруашылығы техникалары ескі үлгіде, оралымсыз тым добал. Ауылға кішірек (мини) техникалар да керек. Қыр шөбі-көдесін, жусанын, бетеге, бидайығын, жоңышқасын шабатын жатаған шалғылар шықса, мал азығын дайындауға себі тиер еді. Жер өңдейтін озық үлгідегі техникаларға зәру дихан-

дар. Мыңдаған гектар егістік жер (әсіресе арқа даласында) игерілмей эрозияға ұшырап өлі топыраққа айналып барады. Бұған мысал жетерлік. Бұрынғы (Ақадыр ауданына қарасты) «Көктіңкөлі» совхозы тың көтеру жылдарында (1960-80) «Отанға миллион пұт» астық тапсырған астықты шаруашылық болатын. Бүгінгі таңда бұл шаруашылықтың егістікке арналған жері иесіздікке ұшырап, адам көргісіз жағдайда күл беттеніп кеткен. Жалғыз Көктіңкөлі атырабы ғана емес, Қарағанды облысы көлеміндегі бұрынғы егістік жерлер не егіндікке, не жайылымға жарамай маңызын жойғаны жанға батады. Осыдан келіп, сұрақ туындайды, біздің қоғамда жерге ие кім өзі! ? Қазақстанның көп жері жартылай шөлейтті өңір. Бұл өңірлерді игеру үшін үкімет тарапынан мол қаржы бөлінуге тиісті. Мұндай шөлейтті далаларда мал баққан шаруаға қаржылай көмек (субсидия) басқа аймақтардан екі есе артық бөлінуге тиісті. Өйтпеген жағдайда, жер иесіздікке ұшырап құлазып бос қалады. Бұны үкімет көріп білмей отыр деп күпірлікке барар жәйіміз жоқ. Бір ғана өзім туып өскен Қызылтау елді мекендерінің құлазып бос қалғанына не деуге болады?! Үкімет ұсақ шаруа қожалықтарын біріктіріп жатыр. Кеш басталған шара. Жекешелендіру науқаны Қазақстанда тым үстірт (қарадүрсін) жүргізілді. Әсіресе, ауыл шаруашылғы саласында. Табиғаты қатал далалық өңірлерде, ендігі жерде, адамдарды тұрақтандырып мал өсіру оңайға түспейді. Қазақ баласы даладан кіндігін үзуге жақын. Ауылда тұратындардың дені табиғатқа (туған ауылына) масыл дала адамы болудан қалған кілең әйеншектер десек, асыра айтқандық емес. Ойлаған ойды қыстаған тұрмыс жеңген заман. Олай болса, үкімет шаруа қожалықтарына талап қойсын. Бірінші кезекте жерді сақта, егістікті сақта, жайылмын сақта (бұл арада дұрыстап пайдалан, игер дегенге жақын) өйтпейді екенсің, жерге, ауылға немкеттілік көзқараспен ұзай алмайсың. Шашылып жолда қаласың, жерді (өзің отырған ауылды, қыстауды, өрісті) атадан балаға ауысатындай психологияда мәңгілік пайдаланамын деп ант бер халық алдында. Өзіңе, бала-шағаңа сенімді болсаң ғана белсеніп шық. Бір күндік қана (ұзаса жиырма-отыз жыл) тырбаныспен далаға иелік етіп жүргендердің дені табиғатқа жаны ашымайтындар. Табиғатқа өгейлікпен қарайтындар, әкесі өлгенді де естіртеді, жерге ие болып жарытпайды. Ағырарлық (бұрынғыша айтқанда ауыл шаруашылығы басым) мемлекет екенімізді естен шығаруға бола ма? Ес жиылды, етек жабылды, баяғы Кеңестік кезеңдегідей (Хрущевтік екпінімен емес) «даланы иегеруді» қолға алмасақ кеш қалымыз кәдік. Даланы қолжаулыққа айналдырып, қолдан қолға өткізу-ызақсылыққа соқтырмайды. Мен осы жолдарды қағазға бекерден бекер түсіріп отырған жоқпын. Оңтүсік өңірлер (Алтау төсі, Сыр бойы) сулы да нулы. Бұл аймақтарда жерге иелік етететіндер баршылық. Оларға, шаруа қожалықтарына қоныс-мекендерді сеніп тапсыруға болады. Ал жартылай шөлейт өңірлердің «тұрақты иелері» болады дегенге ешкімнің де көзі жетпейді. Бұл өңірлерде табиғаты қатан аймақтарда (бұрынғыша айтқанда совхоз, колхоз үлгісіндегі) ірілендірілген (акционерлік) шаруашылықтар құру кезек күттірмейтін міндет екенін үкімет те біліп отыр. Тек соны кешенді түрде қолға алуды кешіктірмеген жөн. Ауыл мемлекет көмегіне зәру. Ауылға бауыр басқан жас буынның (жастардың) еңбек ақысын көтеру ауадай қажет. Агроөнеркәсіптік салада ілгерілеу бар екенін көріп отырмыз. Бұл саланы жаппай орталықтандыру (ірілендіру) мүмкін емес. Оған Қазақстанның жер жағдайы сәйкес келмейді. Ұзын сөздің қысқасы, шашыраңқы (ұсақ) шаруа қожалықтарында мешеулік бар. Бұлардың дені үкіметке ауыз ашуға (супсидаға) дәнігіп алғандар. Олардың мақсаты жерге иелік ету емес, аз жылғы мүмкіндікті пайдаланып қалтасын қалыңдатып алудың қамы. Бүгінгі жер иелері тапқан табысын шаруа қожалығының қажетіне жаратудан да бұрын ысырапқорлыққа салынып, шашылып той жасайды. Қажесіз салт-дағдыларға уақытын ысырап етіп, бір күндік өткінші қызыққа шашылады. Бас пайдасынан оза алмайтындар даланың иесі боп жарытпайды. Оларға жерді сеніп тапсыру-көрінеу жауапсыздық. Жерге деген ықылас-ынтаның осындайлық атүсті жүрдім-бардым науқанға айналуы жас ұрпаққа ұлттық тәрбие берудің қайнар көзі болып табылатын ауылға, далаға деген көзқарастың мүлдем салқынсып кетуінің салдары. Ауылға бетбұрысты

кешеуілдете берсек, онда туған далаға, ауылға деген ұлттық қасиетімізді, махаббатымызды ұрпақ санасынан өшіріп тынамыз. Мен қоғам қозғалысын сараптайтын социолог емеспін. Көзім көріп, құлағым естіп отырған жағдайға баға бере аламын. Ауылда жастарды тұрақтандыру үшін ауыл мәдениетін көтеру керек. Оны бір жақты өлең айтып, ән салу деп түсінбеу керек. Оның заманы өткен. Ауылға еңбек қолын жеңілдететін техника керек. Дәл осы қалыпта қала берсек, ауыл бұдан да ортая түседі. Ауылда жұмыскер қолы (мал бағатын, шөп шабатын) жетіспейді. Еңбек ақысыз кім бостан босқа тер төгеді. Тер төгіп жүргендерді (үйсіз күйсіздер, ішкіштер, қаңғыбастар) көргенде қарадай пұшайман боласың. Жарайды, арзан жұмысшы күшін пайдалансын-ақ, олардың ең құрығанда, пысықай шаруагер сыртын түзеп жөні түзу киім кигізсе қайтер еді? Қой соңындағы, мал соңындағылардың мінгендері итпек, жауыр ат-қолына ұстағаны шыпыртқы, атқа салған ері қырық жамау. Осыларды көргенде ауыл тірлігі жабайыланып бара ма осы деген ойға қаласың. Мал соңындағы малшыдан қасиет кеткен соң, олар баққан малда не береке қалады? Қазақтың ұлттық келбеті табиғатпен өңейіп, әлеуметтік жағдайы төрт түлікпен ажарланады. Мал ауыл адамдарына күнкөріс болумен қатар, жас ұрпақ тәрбиесіне еңбек мектебі болғанын күні кеше көзіміз көрді. Коммунистік қоғам саналған кешегі (Советтер Одағы) социалистік жүйе қазақ халқының далаға, малға жақындығын шебер пайдаланды. Еңбек адамдары дәріптеліп, әсіресе ауыл адамдары, малшы қауым - жылқышы, шопан, бақташы төрге озды. Ұжымдық күнкөріс тәсілі ауыл адамдарын бір атаның баласындай бауырластырып жіберді. Колхоз, совхоз малы өз малымыздай көрінетін еді. Қойшы-қолаңның қыста қорасының қиын ойысып, жазда қойын қырқысып қолғабыс беретінбіз. Қалам ұстағандар еңбек адамдарын жырлады. Ауылға «Бұрқақ» (1991) және «Тайталас» (1995) романдарын арнадым. Қоғамдық (коммунистік) еңбекке ынтымыз әлемет болды. Біреу тырбанып жатқанда, қол қусырып қарап тұрғанды ұят көретін едік. Бүгінде бәрі басқаша. Біреу шөп түсіріп жатса, қолақпандай көршісі теріс айналып кетеді. Жерден сынық шөп көтеруге ерінетін әйеншектер пайда болған заманды да көрдік. Ау, бұл нендей тірлік!? Ата-анасына масыл, қоғамға салмақ ұрпақ өсіріп не мұратқа жетеміз? Әкелеріміз айтатын еді, үкіметке өкпелеген өзіне өкпелесін деп. Бойкүйез кержалқаулар қай қоғамның қоржынынан шықты екен? «Е, кешегі кер заманның (Советтер Одағының) салдары да бұларды осындайлық дайын асқа тік қасық қып кеткен» деп бөсетіндер бар. Айтады-ау, шіркіндер?! Тырбаныс мүлде жоқ деп айта алмайсың. Еңбегімен ел асырамаса да, өзіндік күнкөрісте озғындар бар. Баяғы аға буын біздер өмір сүрген кезеңнің еңбекке ынтысы бүгінгі адамдардың бойынан табыла бермейді. Ғұмыр бойы ауылда тұрып келемін.Қаламгермін шама-шарқымша. Соған қарамастан баяғы ауылды аңсаймын. Ол кезеңнің адамдары, ауыл қазақтары аңқылдақ ақкөңіл еді-ау, шіркін! Кеңшарлар жекешеленіп кеткелі қойлы ауылдарға ат ізін салудан қалдық. Әркім өзімен өзі. Бұрынғы кездері (Советтер Одағы кезеңінде) малды ауылдар «туризм орталығы» секелді-тін. Мектеп оқушылары шопан ата ауылына саяхат жасайтын еді. Қыстау маңын тәртіпке келтіруге атсалысатын. Қалада өскен қазақ баласы жазғы демалыста ауылға барып, тайға мінеді, қойдың қоңыр, қозысын, ақ ешкінің лағын қызықтайды. Жас төлді құшағына алып суретке түседі. Айран, қатыққа кенеліп, саумал сіміреді. Ірімшік жеп, қойдың құртын талмайды. Қала баласы ауылдан сақайып оралады. Даланың аң-құсын қызықтап және кенеледі. Бүгінгі тіршілік басқаша болып тұр. Бала да, үлкен де ауылдан сыртқа тайды. Сонда далада қызық қалмағаны ма?! Ауылға ие шаруагерлер бөгде адамдарды көргенде теріс айналады. Олардың сырт адамдарға ісі түсіп тұрған жоқ, жыртық-тесігімді көріп өсектеп кетеді деген сақтанысын қырпынан танысың. Заманғы ескі қораны көргенде, өткен күндер есіңе түседі. Тау боп үйілген қара қорда көңілді және жүдетеді.

Қыстау маңы тері-терсек, жүн-жұрқаға толып кеткен. Соған қарама-сан шаруаның көңіл күйі көтеріңкі. Алдына салған малы бар, қалтасы ақшаға толы, астында иномарка. - Сенімен әңгіме бар еді - деймін тек тұрмай.

6-шы бетте.

**5-ші беттен.**

- Уақыт жоқ, ағасы. Әке-шешеме ас берейін деп... - Өлгендер бізден түк те дәметпейді, бауырым, - деймін мен,- Тірімізді жарылқап алайық та алдымен. - Өне, бұлар сөйдейді! - дейді де ол иномарқаға отырып алып жөнеп береді. «Жаңа байығандармен қоңсы қонба» деген ғой бұрын-ғылар. Енді қартайғанда соларға іргемді қосысайын деп жүрген мен жоқ. Әдет алып қалған құрғақ ақылгөйлік. Жерге ие, малға ие бауырымыздың сөз саптасынан іш жиясың. Кәрі қойдың жасындай ғана ғұмырым қалған менің ақылдымсыған жылымшы сөзім кімге дәркер? Алдыңғы қатарлы шаруа қожалықтары да бар. Бірақ олар жүздің онындай ғана аз шоғыр. Мал басы баршылық, төрт түлікке дала толды деп көңілді жұбатқанымызбен,түпкірдегі ауылдар әлі жүдеп. Иесіз дала аңырап ол тұр. Еріксіз жыр дәптеріне үңілемін.

Қалтасында қара бақыр, Қоржын түбі ақыр-тақыр. Не күн көрмек адам пақыр, Заман қайда бара жатыр? Еліреді уыстап шоқ, Өлегіні есінде жоқ. Ойлағаны дүние-боқ, Адам қайда бара жатыр? Айдаһардың арбауында, Бір күні азық жалмауызға. Мұрша бермес самғауыма, Елім қайда бара жатыр? Ата мекен алтын бесік, Төсі жара шұрық-тесік. Сенсіз менің күнім нешік! Жерім қайда бара жатыр?

#### ШОЛАҚЕСПЕ

Шолақеспе - өзен аты. Желтау, Жамантастан бастау алып қар суымен көктемде қатты тасиды. Шажағай өзеніне барып қосылады. Арнасы қысаң, көлемі шағын болғандықтан «Шолақеспе» атауын алған. Көктемде қар суымен есіліп қатты ағады. Сол себептен өзен атауына «еспе» атауы тіркескен болса керек. Бұл өзен жаз ортасына қарай тартылып қалады. «Шолақеспе» елді мекен атауын да білдіреді. Кәрім Мыңбаев атындағы совхоздың №5 бөлімесінің орталығы болған. Жылқы фермасы делінетін еді.

Құтты өңір берекелі - Шолақеспе, Бетбақдала тұсында тұрар шепте. Кеңтарлау, Ақбұйратқа сәлем жолдап, Шажағайға құлайды сәлем ете. Төре түлік мекені болған еді, Мал мен жан аясына толған еді. Құнарын Шажағайға сарқып беріп, Шөліркеп өзі кейде қалар еді. Бұл маңның қысы жұмсақ, жазы

жайлы,

Жанға тыныс болғанда малға жайлы. Тебіні қыс бойында қара жатар, Жылқысы аман шығып жұтамайды. Бұл маңға ұры-қары сұғынбайды, Алаңсыз жылқышылар тынымдайды. Дулаттың қаһарынан тая соғып, Жылқыға «қанды езулер» ұрынбайды. Кеншардың болды Дулат бағалы ері, Қасқырдың жайын мықтап табар еді. Жылқының ата жауы қырғын тауып,

Селдіреп қатарлары қалар еді. Ендігі деректі құжат бойынша сөйлетейік. «Жылқы шаруашылығының ғалымдары И.Н.Нечаев, Қ.Бақтыбаев және Н.Кикебашвар кеңшар мамандары және жылқышылармен бірлесе отырып жылқы тұқымын жүйелі түрде асылдандыру жұмыстарының нәтижесінде жабы тектес (типтес) асыл тұқымды «Сарыарқа» деп аталған жылқы тұқымын шығарып өсірді. Бұл жылқылардың сойыс салмағы жоғары, биесінің тірідей салмағы 460 келіге жетіп, айғырларының салмағы 560 келіден асатын болды. Осы артық табыс-ғалымдардың ізденісінің, кеңшар мамандары мен жылқышыларының қажырлы еңбегінің нәтижесі еді. Жылқы тұқымын асылдандыруда нәтижелі еңбек еткен ғылыми қызметкерлер Қален Бақтыбаев, Оспанбек Атымтаевты атамай кету орынсыз болар еді. Қален ғылым кандидаты атағын алған болса, Оспанбек ғылыми еңбегін (жылқы саласы бойынша) енді қорғайын деп жүргенде, жол апатына ұшырап мезгісіз (қырық төрт жасында) көз жұмды.

Түсіністі сыйласқан досым едің, Сырға берік көңілдің қошы едің. Опалы жолдасқа да, туысқа да, Есімнен еш кетпейсің есіл ерім. Білетін ойлы едің-ау дос бағасын, Әділікпен шығып ет жас-тан атың, Жүп-жұмсақ сөзің майда аңғарлы едің, Тірлікте аздау еді бақталасың. Оспанбектің арты жақсы, бала-шағасы өсіп жатыр. Көңіл қалыспаған досқа кітап арнасам да артық емес.

Жылқы тұяғында да қатты адамға бітеді делінеді халық ұғмымында. «Ысқырса желдікі, айдаса жаудікі» деген де мәтел бар. Кешегі кеңестік кезеңде жылқы шаруашылығы біршама алға басты. Жылқы тұқымын асылдандыруды жоғарыда аттары аталған ғалымдар жүргізді. Кем түсіп, артық кеткен жерлеріне баға беріп жатпаймын. Нәтижесі баршылық. Бұл шаруашылықта жылқы тұқымын асылдандыруға айрықша тер төккен ағайынды Дулат пен Мұраттың есімдері өздері туып өскен осынау атырапта (Шолақеспе, Былқылдақ, Шажағай, Қызылтау) тасқа басылып қалатынына өз басым сенімдімін. Осынау құтты өңірдің кешегісі мен бүгінгісін мен ақ қағазға шаламмен түсірсем, ауылдас қос бауырым (бар қазақтың баласын бауырым деймін) ағайынды Қожамберлиндер өздерінің еңбектегі ерліктерін, қар жастанып, мұз төсеніп жүріп бағып өсірген көкалалы көп (асыл тұқымды) жылқыға сіңірген еңбектерін дала төсіне жылқы тұяғымен (жазды) түсірді. Азуымен тас шайнаған қаптаған бөріге, қыр астынан баспалаған ұрыға төтеп берген ағайынды екеуді (туыс - туғандары мен, балалары да әке жолын қуып құрық ұстаған) дала көкжалдары десек артық емес. Көкжалға көкжал ғана төтеп береді. Даланың, малдың иелері Қожамберлиндер әулетін ата-баба әруағы қолдасын. Бұл-арға Алланың көзі түзу болсын деп тілейік. Ендігі аз сөз-жылқы шаруашылығының (жер жүзілік деңгейдегі) бүгінгі таңдағы жай-күйі. Білгішсуден емес, тілеулестіктен туындаған жанашырлық ниет деп білген жөн. Шет жұрттарда (Еуропада, Таяу шығыста, Америкада) жылқыға деген бір жақты көзқарас өзгерген. Ерте замандарда қырғын соғыс ер қанаты аттың күшімен өлшенген. Ашыққан жауынгер астындағы атын сойып жей бергендіктен, «жылқы еті харам» деген пәтуа шығып, діни тұрғыдан һәм мемлекеттік тұрғыдан бекітіліп сандаған ғасырлар бойында санаға сіңіп, тіршілік заңдылығына айналып кеткеніне қарамастан, бүгінгі таңда шет жұрттар көнерген рәсімнен бас тартып, жылқының еті мен сүтіне қызығушылық таныта бастады. Жылқы-биологиялық жағынан ең таза мал тұқымына жатады. Жылқы етінің адам ағзасына салмақ салмай тез қорытылып, денеге жылдам сіңетінін халқымыз жақсы білген. «Жылқы еті жатқанша, қой еті таң атқанша» деп бейнелеген ғой атам қазақ. Жылқы еті ұлтабар ауруларына сеп. Жылқының іш майы, қазы-қартасы ұлтабар жарасына (гастритке) бірден бір ем. Қант диабетімен ауыратындарға жылқы еті жеңіл. Осы күні сорпа ішпейтін «кінздар» пайда болды. Жылқы сорпасы халық ұғымында «екінші қымыз» боп табылады. Жылқы сорпасының құрамында барлық дәрумендер (витамин) бар. Жылқы сорпасына құрт қосып (қой сүтінен, ешкі сүтінен, сиыр сүтінен алынған) ішу - денедегі артық қоспалардан (шлактан) арылтуға жәрдемдеседі. Қой сүтінен алынған құрттың құнарына баға жетпейді. Қой сауып сүтінен құрт жию шаруа қожалықтарына табыс әкелетін берекелі еңбек нәтижесі. Жылқы терісінің қасиетіне баға жетпейді. Жылқы терісінен тігілген «құлын жарғақ» (шолақ тон) жігіттің төресіне лайық болған. Қымыздың қасиетін шет жұрттар да біле бастады. Мұңғылдар мен қырғыздар да, башқұрттар да баптайды ата суысынды. Алайда, нақ қазақтардан артық қымыз ашытудың технологиясын шебер меңгерген елдер ілу де шалу ғана. Қымыз жоғарғы технологияның ыңғайына көне бермейтін - өте кінәмшіл сусын. Қымызды ата-бабаларымыз түн асырмай ішкен. Түн асқан қымыз (екі-үш күн тұрып қалған) өзінің маңызын жоя бастайды. Күнбе күнгі қымыздың қуатына баға жетпейді. Бүгінде (осы кезеңде) қымыз-сататын орындарында апталап тұрып қалады. Содан барып қымыздың қасиеті арзандап, тағамдық қуаты кемиді. Көп тұрып қалған қымыз адам ағзасына кері әсерін тигізіп, сырқатқа душар етеді. Бықырып ашып кеткен қымызды ішуге әсте болмайды. Қымыздың құрамында спирт болады. Бұны медицинада биологиялық спирт дейді. Денсаулыққа зиянсыз болып табылады. Қымыз ішудің ұлттық тәртібі ыңғайы болады. Сабадан, күбіден қотарылған бетте ішу (сәскеге қарай) бұл енді бір ғанибет. Нағыз уыз қымыз, бал қымыз осы. Күбидегі қымыз (тоқ піспекпен) жойдасыз көп пісілгенде, тым жуасып қуатын азайтып алады. Қымызды ашытудың да өзіндік ығыты бар. Күбінің, сабаның түбіне қор қалдырудың да мөлшері болады. Қымыз ұстайтын саба иелері мұны жақсы білген. Бие сүтін күбіге жылы-

дай құйса саумал іріп кетеді. Күбидегі қорға салқынлатып барып құйған. Әдетте күбі (саба) пісу екі мезгілге бөлінеді. Бұл тәріпті шешелеріміз (1950) бұлжытпайтын еді. Іңірде бір пісіледі. Ертенгілік қымызды қотарар алдында және піседі. Қымызды әдетте қонаққа (үлкен шараға немес шыны тегенеге құйып) сапырып отырып ұсынады. Неге көп сапыра береді дегеннің де өзіндік себебі бар. Қымыздың бойында «жел» (қажетсіз басы артық қоспалар) болады. Сол басы артық қоспалар сапырылғанда шығып кетеді.

Қымызды біреулер «құнан қымыз», «дөнен қымыз» деп өздерінше баға беріп жатады. Бұлайша баға беру сөзуарлық. Қымыздың кемеліне келетін шағы көктемгі «бие байлар» шақ. Бұл мезгілде жер бетінде шықпаған шөп қалмай-ды. Құнары артқан бие сүтінен аштылған қымыз «көктемгі уыз қымыз» делінеді. Жаз бойында ішілетін қымызды «сапырылған сары қымыз» дейді. Әдетте үлкендер «қымыз сұйылып барады, жұрт жаңаламаса болмас» деп отыратын. Әр аймақтағы шөптің шығымының өзіндік ерекшелігі болады. Мәселен солтүстік өңірлерде (Ақмола, Көкшетау, Кереку, Қызылжар) ой шөбі мол өседі. Ой шөбі су соқты боп өсіп құнарын азайтып алады. Қазақ халқының жер жады, мал жанды болғаны дәлелденген шындық.

Табиғаттың тынысын көкірегімен сезінген ата-бабаларымыз асқан биолог болған ғой. Шөптің қасиетін қазақтан артық білетін халық жоқ. Қыр шөбі, ой шөбі дегенге осы күнгілер мән бере қоймайды. Шөптің құнары, мал сүтіне төрт түліктің етіне ауысады. Төрт түліктің ішінде жылқы малының қасиетіне баға жетпейді. Тұнықтан жүзіп ішеді. Шөптің ең құнарлысына тіс батырады. Алпыс түрлі шөптен қорек алады. Сол шөптердің өзін таңдап талғап үзеді. Әдетте жылқы малы қыр шөбіне (жу-сан, көкпек, бетеге, изен, тарлау, көде бидайық, ажырық, коян сүйек, т.б.) құмар келеді. Содан да жылқының еті мен сүтінің құнарына баға жетпейді. Әдетте ойдың су соқты өлең шөбіне жайылған малдың оның ішінде жылқының еті мен сүті жасық тартып тұрады. Бұрынғының адамдарының, әкелеріміздің «жұрт жаңала, қымызың сұйылып кетіпті» деуінің мәнісі осыдан.

Агробизнес елімізге жоғарғы қарқынмен жүргізіліп жатқанын көріп отырымыз. Мал бордақылау алаңдары іске қосылып жатыр. Жылқы еті кінәмшіл келеді. Оны басқа мал етімен араластыруға әсте болмайды. Осы заманғы озық технологияның өктемдігін жылқы өнімі (еті мен қымызы) көтере алмайды. Жылқы өнімін өндіретін ұлттық орталықтар (комбинаттар, зауыттар, бордақар алаңы, бие сауатын ферма) жылқы еті мен қымызын тұтынудың ерте заманғы әдіс-тәсілдердеріне негізделіп жасалуға тиісті. Қымызды қол саудаға шығару (бәлен күн сақтау) оның қоректік қасиетін жояды. Жылқы етін өңдіріп, оны шет жұрттарға экспротқа шығарудың да өзіндік ығыты болуға тиісті. Жылқы етін ұзақ сақтайтын халықтық технология әдісері бүгінде ескеріле бермейді. Соның бірі - етті бұрмелеу болып табылады. Сойылған жылқының (соғымға сойған) сұрпы етін, сан еттерін сүйегінен арылтып, басқа да бөлек-салақтарын теріге орап (аздап тұз сеуіп сарымсақпен шылап) тастайды. Осыны «бұрме» дейді. Қыста сойылып терісіне оралып бүріліп қатып қалған етті көктем шыға бере жайып кептіреді. Арнайы жасалынған пештің (тобылғы түтіні) түтініне етті ыстайтын әдіс болған. Қыстан алып шыққан етті (әсіресе жылқы етін) «сүр» ет дейді. Жылқының сүр етін халқымыз жаз бойы (әсіресе қазысы мен жаясын) жас етке араластырып жеген. Қымыздың басытқысы есебіне пайдаланған. Құрғақ қымыз көп ішілсе ұлтабарды қыжылатып, басты зеңітіп, кісінің жайын кетіреді. Қымыздан соң міндетті түрде ыстық тамақ ішілуге тиісті. Сүрі етті жас етпен араластырып жеген бір ғанибет. Халқымыз жылқы етінен шұжық жасауды да шебер игерген. Осы тәсілді жаңғыртып жылқы етін ұзақ сақтаудың ұлттық әдістерін тұрмысқа енгізудің бәлендей қиындығы жоқ. Жылқы еті мен қымызының құнары жайылысқа тәуелді. Бұл түлікті қораға қамап ұстау қиянат. Кең өрісте емін - еркін жайылса, еті мен қымызының құнары үш еселеп артады. Бұл - дәлелденген жағдай.

Жылқы етінің маңыздылығына шет жұрттардың (туристердің ) көзін жеткізу үшін жылқы өнімін осы заманғы озық үлгідегі технологияны кеңінен пайдалана отырып зертхана орталығын ашу

кезек күттірмейтін шара. Ендігі аз сөз-жылқыны мініске пайдалану. Ер қанаты боп табылатын төре түлік бүгінде темір көліктің тасасында қалды. Жылқы біле білгенге халқымыздың ұлттық ажары болумен қатар, жас ұрпақтың ерік-жігерін шынықтырып шыңдайтын, бой қуатын арттырып спорттық қалыпқа түсіретін тұрмысымызға сіңісті шымырлық мектебі есепті. Бұл мектептің сабағын бүгінгі өмірімізге орайластырып дамытудың бір амалы - атты әскерді жасақтау болып табылады. Әскер ойыны арқылы жастардың ат спортына ынтасы артады. Әр елді мекенде (халық көп шоғырланған) ипподромдар бой көтергені абзал. Ат спорты ойындары кең аяда жүргізілгені абзал. Бүгіндегі көкпар (серке тартыс) ежелгі дәстүрінен көз жазып қалды. Көкпарды тар шеңберде өрістету (бір шақырымның аясына сифызу) қиянат. Ұлттық дәстүрімізге сіңісті байырғы түрлері-«жерошақ бәсекесі», «дода», «бірме- бір серке тартыс», «алып қашпа», «салым мәресі» - ежелгі тәртіптен қол үзіп, жасандылыққа бой ұрып барады. Көкпарда аттың жығылуы сауатсыздыққа жатады. Көкпарға лайықталған ер-тұрман әбзелдері жоққа тән. Бұрынғы (Совет заманындағы) солдат ерге зар боп қалды бүгінгі атқа ер салғандар. Көкпарды байырқалатпаса болмайды. Байырқалатудың амалы әр қалай. Көкпарды футболға жақындату оның ұлтымызға тән қасиетін (оралымын) жоққа шығарады. Жоққа шығарып та болды. Алдымен «жерошақ» бәсекесі басталуға тиісті. Ішіне шөп толтырып жасанды серкені созбаққа салу (баланың ермегі есепті) мүлде ерсі жағдай. Жерошаққа тасталған (көмген) серкені жігіттің жігіті ғана тақымға басады. Көкпардың бірінші шарты жерошақ бәсекесінен басталуға тиісті. Келесі кезекте жеке-жеке тақым тартыс (серке тарыс) басталсын. Содан соң барып дода басталады. Доданың кереметі сол - жойқын тақымкеш (көкпаршы) тақымынан серкені бермейді. Мұндай көкпаршылар бүгінде некен-саяқ. Әдетте, көкпарға басы қатты атты салмайды. Жүйрік атты «алып қашпаға» сақтайды. Көкпарда аттан жығылу көкпаршыға қорлық саналады. Тақымкеш көкпаршы додаға белі берік тым ереуілдеп тұрмайтын атты салады. Басы қатты ат көкпарда кісіні жазым етуі қадік. Адам жылқы мінезді делінеді. Аттың да (жылқының) жуас момыны болады. Тым қызбаланбайды. Көкпарға сондай ат қолайлы. Тұрқы аласа белі берік жуас атты салады көкпарға. Жүйрікті көкпарға салу сауатсыздық. Менің балалық шағым соғыстан кейінгі жылдарға тұспа-тұс келді. Елуінші жылдардың орта шенінен былай қарай малды ауылдарда серпіліс басталды. Үкімет малшы қауымға кеңшілік берді. Жаз бойында екі облыстың шегіндегі аймақ дүбірлеп жататын еді. Апта сайын көкпар тартылады, ат бәйгесі өтеді. Соны көріп өстік.

Жылқы - биологиялық жағынан өте таза түлік. Оның тезегінің өзі жерді тыңайтады. Тұяқтары жер өңдетін құрал есепті. Жылқы өнімі адам ағзасына пайдалы дәрумендерге бай. Сүйекті бекітетін қасиеті бар. Ғұмыр бойында ат жалында жүрген бабаларымыз (бүгінде ең көп таралған ауру түріне жататын) буын ауруының не екенін білмей өткен. Атқа мініп түсудің өзі денешынықтыруға жатады.

Жұрт денсаулығын арттыратын ат спортының түрі - түріне негізделген мәдени сауықтыру орталықтарын қолға алу кәсіпкерлерге табыс көзі болатынына өз басым сенімдімін. Осы жолдарды қағазға түсіргенде білгішсуден аулақпын. Өсер жас келешек ұрпаққа ой салуды мақсат еттім. Осы жолдарға зер салғанда жазба иесі, мына менің тым ақылгөйсіп кеткеніме кешіріммен қараған жөн. Жалпы атауы Қызылтау делінген осынау құтты өңір жылқы өсіруге сұранып-ақ тұр.

Ескерту: Биылғы жылы Қызылтау совхозының құрылғанына 70 - жыл толып отыр. Осы елеулі мерекеге байланысты «Дала сыры» кітабынан бұрын шыққан тарауларды газет оқырмандарына ұсынғанды жөн көрдім.

Бұл өңір менің туған жерім болып табылады. Қолдан келгені осы болды. Той тойға ұлассын!

**Өмір КӘРІПҰЛЫ,**  
**жазушы.**  
**Ақадыр кенті.**